«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ
КОМИТЕТІНІҢ АТЫРАУ ОБЛЫСЫ
БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «ДЕПАРТАМЕНТ
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА ПО АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ
КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

060011, Атырау қаласы, Б.Құлманов көшесі 148-а үй
тел.: 8 (7122) 31-90-44, 31-90-40

060011, город Атырау, улица Б.Кулманова, 148-а
тел.: 8 (7122) 31-90-44, 31-90-40

N 08-К-79/89
от 16.08.2019г.

«Қондырбаева Р.Д.» ЖК-нің
директоры Р.Қондырбаеваға
Маңғыстау облысы., Ақтау қ., 29-32-32.

Атырау облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті (*бұдан әрі - Департамент)* Сіздің 29.07.2019 жылғы №51042 *(29.07.2019ж ЖТ-К-79 кіріспен тіркелген)* «ҚР ИИДМ КК Атырау облысы бойынша Көліктік бақылау инспекциясының қызметкерлері үшін нысанды киім тігу жұмыстары» *(бұдан әрі - Ұйымдастырушы)* мемлекеттік мекемесімен конкурс тәсілімен ұйымдастырылған №3468144-1 «Қызметкерлері үшін нысанды киім тігу жұмыстары» электронды конкурсына қатысты шағымыңыз бойынша камералдық бақылау жүргізіліп, төмендегіні хабарлайды:

Жоғары аталған электрондық конкурстың 26.07.2019 жылғы №3207781 қорытынды туралы хаттамасына сәйкес Сіздің конкурстық өтініміңіз конкурстық комиссиямен *«Согласно технической спецификации стаж работников должно быть не менее трех лет. Однако не было предоставлено подтверждающие документы о наличии стажа. Прикрепленный Вами приказ о приеме на работу сотрудников вышедшие в 2019 году»* деген негіздермен бас тартылған.

ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның *(әрі қарай - Заң)* 9 бабының 1 тармағының 4 тармақшасына сәйкес, әлеуетті өнім берушілерге тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті, тиісті материалдық және еңбек ресурстарының болуы туралы біліктілік талаптары қойылады.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген" Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Ереженің *(әрі қарай - Қағида)* 85-1 тармағына сәйкес, тапсырыс берушіге шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажетті материалдық және еңбек ресурстары конкурстық құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшелікте көрсетіледі.

Бұл ретте, Тапсырыс берушімен бекітілген әлеуетті өнім берушілерге қойылған талаптардың бірі – *«жұмыстарды орындау үшін пайдаланылатын меншік немесе жалға алу құқығында кемінде 120 шаршы метр өндірістік үй-жайлардың болуы,* ***<u>жұмысты орындау үшін штатта кемінде 3 жыл жұмыс өтілі бар мынадай мамандар болуға міндетті</u>****: тігінші кемінде бес*

маман; кем дегенде бір маман шебері; технолог немесе конструктор кемінде бір маман, пішуші кемінде екі маман» болуы туралы талаптар қойылған.

Қағиданың 4 қосымшасына сәйкес бекітілген конкурстық құжаттамаға 6 қосымшасының ескертпесінің 4 тармағында *«жұмыс тәжірибесі бойынша талап бар болған жағдайда, қызметкердің жұмыс тәжірибесін растайтын құжат аударылған міндетті зейнетақы жарналары туралы бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан үзінді көшірмелер немесе жүргізілген әлеуметтік аударымдар туралы Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан мәліметтер және Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексінің 35-бабы 1), 2), 3), 4), 5) және 8) тармақшаларымен көрсетілген құжаттардың бірі электрондық көшірмелері болып табылады»* деп атап көрсетілген.

Камералдық бақылаумен, Сіздің конкурстық өтініміңіз құрамында ұсынылған құжаттарға талдау жүргізіліп, жұмысты орындау үшін ұсынылған мамандардың жұмыс өтілін растаушы құжаттардың көшірмелері ұсынылмағандығы анықталды.

Осыған орай, Сіздің конкурстық өтініміңіз конкурстық комиссиямен конкурсқа қатысуға негізді жіберілмеген.

Сонымен қатар, конкурстық комиссия тарапынан басқа бұзушылықтар анықталып, Департаментпен Ұйымдастырушыға анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарлама жіберілді.

Камералдық бақылау ҚР Қаржы министрінің 30.11.2015 жылғы №598 бұйрығымен бекітілген «Камералдық бақылау жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қағидасының 19 тармағының 2 абзацына сәйкес жүргізілді.

Берілген жауапқа қанағаттанбаған жағдайда, ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 47 бабының 7 тармағына және ҚР-ның «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 14 бабына талаптарына сәйкес шағымдануға, соның ішінде жоғары тұрған органға шағымдануыңызға құқығыңыз бар екендігін қаперіңізге береміз.

Департамент басшысы **Г.Жазетов**

Орын: Ж.Ерболұлы
Тел: 8 7122 319042